8 наурыз-Аналар мен қыздар мерекесіне орай 4-5 сыныптар аралығында «Сиынар ем ана деген Тәңірге!» деген тақырыпта мектепішілік мәнерлеп оқудан сайыс өтті. 9-10 сыныптар арасында «Тәуелсіздік –ел тірегі!» атты қыз балалар арасында әскери сайыс,6-8 сыныптар арасында «Ана жүрегі-мейірімділік ошағы» тақырыбында эссе байқауы өтті. Ал, бастауыш сынып оқушылары «Асыл ана , құтты болсын мерекең!» атты шарада жасаған қол өнер жұмыстарын өз ата-аналарына тарту етті.Бітіруші түлектер ұстаздарды құттықтап «Көктем шуағы» атты мерекелік концет ұйымдастырса, 10 сынып оқушылары «Әлем арулармен әсем» тақырыбынды фотоколлаж ұйымдастырды.
сынап, әр бағам бойынша үздік деп танылған 9 «а» сынып оқушысы К.Қалыбай бас жүлдені жеңіп алды.

«Тарихи тулғалар тағылымы» жобасы аясында іс-шаралар жоспары жасақталды. Жоба мақсаты: Отанның тарихын, жетістіктерін, Ұлы дала тарихы мен мәдениетің насихаттау, өңірлердің дамуын таныстыру, белгілі адамдарды үлгі ету, жас ұпақтың бойында Отансүйгіштік пен ұлттық сананы қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру. Осы орайда "Алтын адам" мүсіндер шеруі байқауы өткізілді. Байқауда әр сынып өздері жасаған «Алтын адам» мүсіндерін таныстырып, қорғады. Байқау қорытындысымен үздік танылған сыныптар марапатталды. Жоба аясында 5-10 сыныптар арасында «Тарих жаңғырығы» атты театрландырылған қойылымдар байқауы өтті. Байқауға қатысқан оқушыларымыз бірінен бірі өтіп, тарихты кайта жаңғыртты. Байқау соңында әр сынып марапатталып, үздік номинациялар берілді.

**2022-2023 оқу жылы ІІІ.«Ұлттық тәрбие беру» бағыты** бойынша 5 қыркүйекте «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне **орай** Қазақстан сияқты көп ұлттың өкілдері тұратын мемлекеттегі тілдік ахуалды, тіл құрылысын қалыптастыру мен дамытудың негізгі факторы және ұлтаралық қарым-қатынас пен қоғамдық келісімді реттеу еліміздің тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктерін кеңінен түсіндіру, насихаттау мақсатында мерекелік іс-шараның жоспары құрылып, бекітілді. «Ахмет Байтұрсынұлы 150 жылдығы және Мәңгілік ел мұраты» атты мерекелік апталықтың ашылу салтанаты болып өтті. Тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыруға, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, тілін, елін сүйе білуге үйрететін бұл мерекелік іс-шараға 5-11 сынып оқушылары белсенді қатысты. Оқушылар авторлық өлеңдерін оқып, тіл тазалығына байланысты көріністер көрсетіп, орта буын оқушылары ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқыды. «*Ахмет Байтұрсынұлы* - қазақ *тіл* білімінің атасы», «Латын әліпбиінің негізін қалаушы», «Тілге құрмет, елге құрмет» атты тәрбие сағаттары өткізілді.Сынып сағаттарының алға қойған мақсаты: оқушылардың тіл туралы білімдерін жетілдіру, өз тіліне, туған жеріне құрмет көрсетуге баулу және оқушылардың азаматтық, адамгершілік, ізгілік қасиеттерін, ұлттық рухани санасын, эстетикалық биік талғамын, өмірлік тәжірибесін байытып, тілімізді құрметтеп, аялай білуге тәрбиелеу болмақ.10-11 сыныптар аралығында «А.Байтұрсынов және қазақ қоғамы» атты дөңгелек үстел өткізілді.
Р.Абишованың ұйымдастыруымен 6 «Б» сыныпта «Сүйіспеншілік- адамның басты қасиеті, ақиқат –оның негізі, дұрыс әрекет-оның шынайы өмірі» тақырыбында шаттық шеңбері өтті. Шара мақсаты оқушыларда рухани-адамгершілік әлеуетін арттыру, құндылықтар қасиетін түсіндіру.М.Қарабалаеванынұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында жалпыадамзаттық құндылықтарға арналған эссе, өлең, шығарма жазу сайысы өтті. Сайыс нәтижесінде эсседен 11 сынып оқушысы-Жанайдар Әлия, өлең жазудан 10 сынып оқушы-Серғазы Айым, және шығарма жазудан 8 сынып оқушысы –Амангелді Алтын жеңіске жетті.Н.Жакупованың ұйымдастыруымен «Бабалар мұрасы» атты оқушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі өтті. Көрмеге 7«А» сыныбының қыздары қатысты.Мақсаты қыз бала бойында сүйіспеншілікке және әсемдікке баулу.15 қараша күні мектептің акт залында ұлттық теңге күніне орай «Ұлттық валюта – төл теңге» атты іс - шара ұйымдастырылды. Іс шараға мектептің 5 «Ә», 6 «Ә», 1 «Ә» сынып оқушылары қатысты. Бұл іс - шарада патриоттық әндер айтылды, ұлттық билер, флешмоб биледі. Ұлттық теңгеге

байланысты сұрақтар қойылды, көрермендермен ойындар ұйымдастырылды.Сонымен қатар, мектеп кітапханашылары –Г.Байнахатованың және А. Қозбағарованың ұйымдастыруымен мектеп кітапханасында 9-11 сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбиеге арналған кітаптарды таныстыру өткізілді. Шара мақсаты оқушыларға қарым-қатынас жарастығы туралы түсінік бере отырып сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.Мектеп психологы А.Мугалимованың ұйымдастыруымен мектеп оқушылары ата-аналарына «Жалпыадамзаттық құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі» тақырыбында дәріс өткізді. Роза Баглановаың 100, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай танымдық сабақтар өтіліп, бейнероликтер жасалды. Рухани жаңғыру тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді. Бастауыш сыныптарда «Қарттармы аман- сау жүрші!», «Қарттарым асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Ал жоғарғы сыныптарда «Көп жасаған қария-ақылы теңіз дария»тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.17 наурыз күні мектептің 1-11 сынып оқушылары арасында «Ұлыстың қадам басқан ұлы күні» тақырыбында наурыз мерекесі өткізілді. Мектепішілік іс-шараға «Қамқор» әкелер клубының мүшелері мен «Ұлағат» аналар клубының мүшелері және ата-аналар комитетінің мүшелері қатысты. Іс-шараға 700 оқушы қатысты. Әрбір сыныптар қазақ халқының сүйіншіден басталатын салт-дәстүрінен бастап, қыз ұзату, беташар дәстүрлерін мағынасын аша отырып, көрсете білді.Және әр класқа сахналуға қазақ халқының би-шешендері бөлініп берілді.Келген қонақтар оқушылар мен ата-аналарды «Жаңа жыл, жаңа күн» мейрамымен құттықтап, жаңа табыстар тіледі. Сонымен бірге, «Қамқор» әкелер клубының мүшелері қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлер: «тышқаншық салу», «ашамайға мінгізу», «бел көтерер» дәстүрлері және ұлттық спорт ойындарын оқушыларға таныстырып, бірге ойнады . Мерекелік ән, күй орындалып, оқушылар ұлттық нақышта топтық билерін көрсетті. Іс-шара соңынан спорттық ойындар: қабақ ұру, кір тасын көтеру және арқан тартыс ойындары өткізілді. Мерекелік іс-шарадан кейін оқушылар әрбір сынып бойынша ата-аналар комитетінің дайындаған наурыз көжелерінен дәм татты. Мектеп парламентінің мүшелері «Мақал айт та, бауырсақ ал» атты мақал –мәтелдер жарысын ұйымдастырды. Мектеп оқушылары бұл сайысқа үлкен қызығушылықпен қатысты. Тарих пәнінің мұғалімдері Р.Нуржанова, Ж.Идиресова «Тарихқа тағзым» атты Әбілқайыр ханның туғанына 330 жыл, Т.Ахтановтың туғанына 100 жыл, Т.Жүргеновке 125 жылдығына танымдық сағат өткізді.

**IV.2020--2021 оқу жылы «Отбасы тәрбиесі» бағыты** бойынша

17 қыркүйек 2020 жыл «Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы» жалпыреспубликалық онлайн ата-аналар жиналысы «WhatsApp» желісі арқылы болып, 178 ата-ана қатысты.Күн тәртібінде :

1.Жаңа оқу жылындағы оқу форматтары.
2.Оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау.
3.Қашықтан оқыту: баланың іс-әрекеті және жұмыс орны.
4.Қашықтан оқыту процесі жүргізілетін білім беру Интернет-платформасымен танысу.
5.Жаңа оқу жылында білім алушыларды бағалау жүйесі.
6.Баланың оқу режимі және демалысы.
7.Баланы өздігінен оқуға қалай ынталандыруға болады?
8.Интернетті қауіпсіз пайдалану үшін ата-аналарға балаларына үйрететін ережелер.
9.Интернеттегі балалардың жұмысын ата-ана бақылауы ережелерімен таныстыру
10.Ата-ана мен баланың қарым-қатынас психологиясы.

Пандемия кезіндегі іс-шаралар мен қауіпсіздік туралы, маскалық режим туралы хабарламалар мен түсіндірмелер жүргізілді.

13-қыркүйек,15-мамыр «Отбасы күні» байланысты «Мен және менің отбасым» бейнероликтер сайысы және тәрбие сағаттары өтті. Анамның бір күні», «Әкемнің бір күні», «Атам мен әжемнің бір күні» жобалары бойынша оқушылар өз әкелері мен аналары, аталары мен әжелері жайлы видиороликтер түсірп өз жеке парақшаларына жариялады. «Анаммен селфи» тақырыбында аналарымен селфи түсіріп парақшаларына жариялады. Отбасы күніне байланысты «Менің үй кітапханасының кітаптары» букроссинг, «Оқырман отбасы» конкурсы , «Кітап ананың қолында» тақырыптарында іс-шаралар ұйымдастырылды. Тәуелсіздік күніне байланысты «Әнім сенсің туған жер!» отбасылық ән байқауы онлайн өтті. Кәмілетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп психологы Р.Абишова , оқу ісінің меңгерушісі А.Аманшеева ата-аналарға түсіндіру жұмыстары

бойнша шұғыл жиналыс өткізді және «What sApp» мобильді мессенджерінде ашылған «СЕНІМ» ата-аналар тобына алдын алу ескертпе, жаднама таратылды.

**IV.2021-2022 оқу жылы «Отбасы тәрбиесі» бағыты** бойынша Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, отбасы күніне орай 2 «а»-сынып оқушылары «Бұл-бақыт» тақырыбында табиғат аясында сурет салып, көңілдерін көтерді.
Жалпы адамзаттық құндылықтар күні, ал ол дегеніміз-отбасы тәрбиесінің негізінің бірі. Осы орайда мектебімізде «Отбасым- бақыт мекенім» тақырыбында бастауыш мұғалімі М.Макидинаның ұйымдасытруымен 1 Б класында, Б.Қонысбаеваның ұйымдастыруымен 10 А сыныбында «Отбасым- бақыт мекенім!» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өтті. Шара барысында оқушылар өздерінің отбасылық альбомдаырмен, шежірелерімен таныстырып, жазған эсселерін оқыды. 16.09 күні отбасы күніне орай 5 сыныптар арасында «Отбасым-менің қуатым» атты эстафеталық отбасылар сайысы өтті. Ойын нәтижесінде I орын Қисықовтар отбасы, II орынды Алтаевтар отбасы , III орынды Базарбековтар отбасы алды. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтар мен , мақтау қағаздарымен марапатталды. Сонымен бірге, мектеп психологы Р.Абишова 8 «а»-сыны оқушыларына «Отбасы-өмір шуағы» атты тренинг өткізді. Бұл шаралардың мақсаты: жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, отбасы тәрбиенің негізі екенін ұғындыру.
«Нашақорлық-қауіпті індет, алдын алу-міндет» тақырыбында 7-11 сынып ата-аналарымен онлайн кездесу өткізілді. Кездесуге Әйтеке би АПБ ЖПКБ ЮПТ КТІЖ УПИ-ры полиция тобының инспектор М.Әкентай жане Мектеп психологі Р.Абишова қатысты. Шарада мектеп директоры С.М.Издина ашып, нашақорлыққа қарсы бағытта мектепте атқарылған жұмыстарга тоқталды. Арнайы шақырылған қонақтарымыз ата-аналарға «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зиянды заттарды қолданудың алдын-алу» туралы ауқымды мағлұматтар беріп, сұрақтарға жауап берді. Әйтеке би аудандық кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтары жөніндегікомиссия отырысының хаттамалық тапсырмасына сәйкес уытқұмарлық, нашақорлық,
таксикоманияның алдын-алу мақсатында мектебімізде аудандық дәрігерлермен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге 8-10 сынып ата-аналары мен оқушылары, мектеп психологы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, мектеп тәлімгері және мектеп медбикесі қатыстырылды.Арнайы келген мамандар зиянды заттардың зардаптары туралы, бүгінгі таңдары статистикалық мәліметтерге тоқталды. Оқушылар мен ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға мамандар жауап беріп, пікірталас ұйымдастырылды. Сонымен бірге, 7-10 сынып қыздарына мектеп медбикесі Н.Аплатонова «Кыздардың репродуктивті денсаулығы, ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында пікірлесу сағаты өтті. Бұл шарада қыздар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап алып, дәрігермен пікірлесті.

15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне орай іс-шаралар жоспары ұйымдастырылды.3 «А»,3 «В» «Мен және менің отбасым» тақырыбында сурет көрмесі ,4 А сыныбына «Отбасы өнегесі» тықырыбында бейнеролик көрсету ұйымдастырылды. «Жас Ұлан» балалар ұйымының ұйымдастыруымен «Мен отбасыммен мақтанамын!» атты құттықтау челленджі жарияланды.

**2022-2023 оқу жылы IV.«Отбасы тәрбиесі» бағыты** бойынша отбасы - адамның бастапқы әлеуметтенуінің негізі. Мектептің ата-аналармен өзара әрекеттесуі баланы тәрбиелеуге, сенімге, сыйластыққа, шыдамдылыққа және бір-біріне қолдау көрсетуге өзара мүдделілік қағидаттарына негізделуі керек. Қазан айының 25 күні 1- 11 сыныптар арасында «Отбасы – тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Сынып сағатының мақсаты: Отбасы тәрбие мәселелерінің өзектілігі, оқушылардың отбасындағы алатын білімін ауқымдату, әр адамның отбасындағы тұлға екендігін анықтау,

баланың тұлға ретінде қалыптасуына отбасының рөлінің маңыздылығы, оның патриоттық көзқарасын қалыптастыру.

1-11 сыныптар арасында «Менің қымбатты және сүйктілерім», «Бақытты адам өз үйінде бақытты» отбасылық фотосуреттер көрмесі өтті. «Менің отбасымның тарихы», «Отбасындағы бос уақытты өткізу дәстүрі» ашық тәрбие сағаттары. «Менің шежірем», «Менің отбасымның естелік күндері» атты өз отбасылары туралы әңгіме – презентациялар

Өз отбасының тарихын зерттеу: отбасылық жәдігерлер, отбасы мүшелерінің мамандықтары, ата – аналар, әжелер, аталар. Бұл бағыт оқушылардың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу бойынша басты бағыт болып табылады.

**2020-2021 оқу жылы V.«Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағыты** бойынша тәрбие берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту,адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Мектеп ұстаздары мен оқушылар мектеп ауласында, мектепке бөлінген аймақта сенбілік өткізіп ақтау, тазарту жұмыстары жасалып тұрды.
«Чернобыль апатын жоюға қатысқан жерлестеріміз» тақырыбында сынып сағаттары, кітапханада көрме ұйымдастырылды.Чернобыль апатының экологияға, адамзатқа әкелген қасіреті түсіндірілді. «Кәсіпкерлік және бизнес» саласы бойынша 10 сынып оқушылары ауылдағы ИП кәсіпкерлермен кездесу өтті. ИП иесі өзінің бизнес жолы туралы оқушылармен бөлісті. Ондағы жұмысшылар мен де сөйлесті.
Жоғарғы сыныптар арасында кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында бірқатар түсіндірме жұмыстары жүргізіліп және сауалнамалар алынды. Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізілуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі. Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді.

Мектептегі 9-11 сынып оқушыларының бейімділігін анықтау мақсатында мектеп психологы екі реттен сауалнамалар алынды.
Көктем басталасалысымен көркем еңбек және биология сабақтарында оқушылар мектеп ауласын көкалдандыру керекті гүлдердің көшеттерін екті. Суғарды. Мамыр айында өскен гүл көшеттерін бастауыш сыныптар ата-аналармен жоғары сыныптар өздері мектеп ауласына егіп суғарды. Жаз мезгілінде кезекпен бекітілген график кесте құрылып жазда оқушылар гүл суғаруға келеді.

**2021-2022 оқу жылы V.«Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағыты** бойынша іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспарланған жұмыстар жүргізілді. «Бұрын болды-кәзір өзгерді» тақырыбымен еңбек күніне орай ауылымыздың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері жайлы 10 «а»-сынып оқушылары бейнеролик дайындап, әлеуметтік желілерде жариялады.
«Жас ұлан» және мектеп парламенті оқушыларының ұйымдастыруымен жалпыұлттық ReStart жобасы аясында интернетке тәуелділіктің алдын – алу мақсатын көздеген телефонсыз «Offline

Day»шарасын өткізді. Бұл шарада оқушылар таза ауада қызықты уақыт өткізіп, сайыстарға белсенді қатынасты. Сонымен бірге,мектеп психологтары оқушыларға тренингтер өткізді.1-8 сыныптар арасында «Жан-жануарларға қамқорлық» атты ZOOM платформасы арқылы қашықтық сынып сағаттары өткізілді. Бұл шараларды өткізудегі негізгі мақсат: оқушыларға қоршаған орта және жануарлар әлемі туралы тереңірек ақпарат беріп, оларға деген сүйіспеншілігін ояту. Сонымен қатар, мектебіміздің 10-11 сыныптар арасындағы еріктілер тобынын мүшелері «Қайырымдылық-жасау игі іс» тақырыбымен акция өткізді. Акцияны өткізудегі мақсат: Оқушылардың бойына мейірімділік пен қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, кішіпейілділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу және құндылықтарға бай тұлға қальштастыру. Шарадан кейін оқушылар қайырымдылық жасау үшін асып-тасып бай болудың қажеті шамалы, ең бастысы мейірімді жүрегі мен таза ниетін болса жеткілікті екенін және кез келген қиын жағдайда адам баласы әр түрлі бағытта көмек қолын соза алатынын түсінгендерін сөз етті. «Қайырымдылық жасасаң, қайырын көрерсің» дегендей, қайырлы істің ұршығын иірген оқушыларының нағыз адамгершіліктің үлгісін көрсете білді. Іс- шараның мақсаты: мектеп оқушыларының қоршаған орта мен жануарларға деген сүйіспеншілігін арттыруга бағытталган.

9-сынып оқушыларына және ата-аналарына Аудандық көп салалы колледжінің өкілдері оқу орны және мамандықтары туралы түсінік беріп, талапкерлерді оқуға шақырды. Сонымен бірге, оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында 9-11 сынып оқушыларына Ақтөбе ауылшаруашылық колледжінің ұстаздары келіп, оқу орны туралы мәлімет беріп, оқуға шақырды.

**2022-2023оқу жылы V.«Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағыты** бойынша қыркүйек айында мектепте өрт кезіндегі эвакуация ережесімен АӘД пәнінің мұғалімі А.Жармедетов таныстырып өтті. Өрт шыққан жағдайда дереу 101 телефоны бойынша өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды шақыратындығы туралы айтылды. 112 нөміріне қоңырау шалу тіпті SIM-карта болмаған жағдайда да ұялы телефоннан мүмкін екндігі және нақты мекен-жайы мен қабатын көрсету және мүмкіндігінше бір адам оларды қарсы алу қажеттігі жайлы ескертті. Тағы да басқа ережелермен барлық сынып оқушылары таныстырылды.Оқушының өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. 5-10 сынып оқушылары арасында «Алтын күз» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Табиғат көркіне сүйіспеншілікке әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. Бас жүлде -5 «Ә»сынып, І-орын 6«А» сынып, ІІ-орын 6 «Ә»сынп, ІІІ-орынды 5 сынып оқушылары иеленді». «Күз кереметтері» сурет , мүсін байқауы 2-5 сыныптар арасында ұйымдастырылды.Қараша айында «Заманауи би байқауы», «Ас үй ханшайымдары» байқаулары болып өтті.
Қыркүйек айында «Төтенше жағдайлардың алдын алу» атты лекция мен таныстырылым өтті. Күн сайын бұқаралык ақпарат құралдарында әртүрлі елдерде болып жатқан жер сілкіністері, селдер, опырылымдар, су тасқындары, дауылдар, орман өрттері, шаңды дауылдар, құрғақшылықтар салдарынан адамдардың өлім-жітімі, қалалар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың қирауы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануы әсерінен табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соғатын басқа да апаттар жайлы хабарлама берілді.Қыркүйек айында А.Қ.Жармедетовтың ұйымдастыруымен «Төтенше жағдайлардың алдын алу» атты лекция мен таныстырылым өтті.
Күн сайын бұқаралык ақпарат құралдарында әртүрлі елдерде болып жатқан жер сілкіністері, селдер, опырылымдар, су тасқындары, дауылдар, орман өрттері, шаңды дауылдар, құрғақшылықтар салдарынан адамдардың өлім-жітімі, қалалар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың қирауы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануы әсерінен табиғаттағы тепе-

теңдіктің бұзылуына әкеп соғатын басқа да апаттар жайлы хабарлама берілді «Өрт тілсіз жау» атты науқаны өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты үйде, мектепте, аулада, орман, далада отпен жұмыс істегенде абай болуға, қоқысты үйге, аулаға, орманды жерлерде өртегенде қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін үйрету және практика жүзінде дайындық ережелерін көрсету.

Қазанда айында мектебімізде өрт сөндіруші қызметкерлермен бірлесіп 1 «А» Қ.Абшукирова, 1 «Ә» сыныбының жетекшісі А.Қабдылдина , 4 «Ә» сыныбының сынып жетекшісі Р.Мырзагулова өртке байланысты тәрбие сағаттарын өткізді. Дүйсенбілік лездемеде өрт қауіпсізідігі туралы слайдтар көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Бастауыш сыныптар арасында суреттер байқауы ұйымдастырылды.

17-21 сәуір аралығында «Біз болашаққа жауаптымыз» тақырыбында экологиялық апталық өткізілді.Экологиялық білім беру апталығының мақсаты: Адамзаттың табиғатпен байланысы туралы негізгі түсінікті қалыптастыру; Экологиялық мәдениетті,салауатты өмір салтын қалыптастыру; Өмірдің мәні мен экологиялық проблемаларды түсіну негізінде жеке қасиеттер реттінде моральдық және экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру.Экологиялық апталықтың жоспары құрылып мектеп директорымен бекітілді.Апталықтың бірінші күнінде Экологиялық апталықтың ашылғанын хабардар етілді.Мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Жер – біздің ортақ үйіміз?» бейнеролигі оқушыларға таныстырылды. Екінші күні 1-2 сыныптар арасында «Біздің үйдің жануарлары» сурет байқауы ұйымдастырылды. «Эко күнтізбесі» айдары бойынша «Үйсіз жануарларды бірге қорғайық» байқауы 6-9 сыныптар арасында өтті. «Мен табиғатты аялаймын» әлеуметтік экоплакаттар сайысы ұйымдастырылды.Оқушылар белсене ат салысты. 5-6 сыныптар арасында халықтық нанымдар, жұмбақтар,табиғатқа ұқыпты қарау туралы мақал-мәтелдер айтудан жарыс болды.

«Қоқыссыз Қазақстан!»тақырыбынды қажетсіз заттардан қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. 7-8 сыныптар арасында «Менің сүйікті табиғат бұрышым» тақырыбында суреттермен фотосуреттер байқауы ұйымдастырылды. Тұрмыстық қалдықтардың екінші өмірі тақырыбында суреттер мен фотосуреттер байқауы ұйымдастырылды. Мектеп ауласы мен үйді абаттандыру аналарымен бірге тазалады.Экологиялық апталыққа белсене қатысқан оқушыларды мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды. М. Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де «Гулмен мектепке» акциясы бойынша мектеп оқушылары мектеп фойелеріне гүлдер табыстады.

**2020-2021 оқу жылы VI. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты**

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар жүйесі болды. Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ондайн ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған.

Аудандық «Ауылым алтын бесігім» қашықтықтан сурет байқауына 5 сынып оқушысы Сагатдинова Аружан қатысып 2 орын иеленді.

«Тәуелсізбін деп жырлайды жүрегім» мәнерлеп оқу сайысы қазақ және орыс тілдерінде бастауыш сынып оқушылары арасында сайыс өтті.

«Интернеттің пайдасы мен зияны» дебат 8-10 сыныптар арасында өтті.

7 сынып оқушылары арасында «Мұхағали Мақатаевтың 90 жылдығы» орай өлеңдерін орындаудан челендж ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әкеме оқыған ертегімді айтып беремін» тақырыбында онлайн 1 сыныптар арасында іс-шара өтті. Оқушылар оқыған ертегілерінің мазмұнын әкелеріне үйде айтып берді.

1 мамыр күніне байланысты кітапханада «Достықтың дархан ұясы» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Дүниежүзілік кітап күніне байланысты «Өмірдің бар қызығы –кітапта» тақырыбында көрме, «Құпия кітап» бейнебаян жасалынды.

**2021-2022 оқу жылы VI. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты** бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылардың үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуын қамтамасыз ету шаралары жүргізілді. Мектеп парламенті мен «Жас ұлан» біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымың ұйымдастыруы мен кітап оқушылар клубы ашылды. Клубқа 1-10 сынып оқушыларынан кітап құмарлар таңдап алынып, әр бейсенбі күні кітапханада кітап талқылап, уақыттарын қызықты өткізу жоспарланды. «Жас ұлан» біріңғай балалар мен ұйымының және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушыларды кітап оқуға ынталарын арттыру мақсатында апта сайын «Book Reading Club», яғни кітап оқушылардың клубы отырысы өтіп тұрады. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бойынша «Балалыққа кітаппен апарар жол» жобасы аясында мектеп кітапханасына саяхат жасап, бастауыш сыныптар арасында «Шалқан» театрландырылған қойылымы өткізіліп, 1-сыныптар арасында «Мен оқыған ертегі» тақырыбымен өздері оқыған ертегілерін бейнелеп. таныстырды. Салған суреттерінен сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен бірге, әр аптаның дүйсенбісі күні мектебімізде лездемеде «Ақпараттық хабарлама» өткізу жолға қойылған. Аудандық пікірсайыс турнирінде мектебіміздің «Зияткер» дебат командасы III орынды иеленсе, жас дебатшы А.Амангелді «Ең білімді спикер» номинациясымен марапатталды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Жас Ұлан алаңы» тақырыбында 9-11 сынытар арасында дебат ойыны өткізілді.

Жас маман А.Киікбаева, Н.Жәмиев «Білім беруде цифрлық технологияны тиімді пайдалану» тақырыбында 9-11 сыныптарға семинар өткізді. Plickers, Kahoot, Socrative сияқты бағдарламалармен жұмыс істеу жолын, тимділігі мен пайдасы туралы мағлұмат беріп, сұрақтарға жауап берді.

Мектеп окушыларының мектепаралық пікірсайыс турнирінде «Ұшқырлар» фракциясы Ерікова Іңкар, Қонысбаева Назгул II орынға не болса. Алтынбекқызы Айжан «Үздік аналитик» номинациясымен марапатталды. «Зияткер» дебат клубының мүшелері арасында Дебат клубының түлегі Егенберліқызы Сағыныштың ұйымдастыруымен «Дебат турниріне дайындалудың тиімді жолдары» атты тренинг болып өтті. Мектебіміздің дебатшылары оз ойларын ортаға салып, айтылған ұсынымдарга пікірлерін қосып, сонында жолдастық кездесу турнирімен жалғасын тапты.

«Жас Ұлан» ұйымы мен мектеп парламенті окушыларының ұйымдастыруымен «Student's party» тақырыбында студенттермен кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің түлектері Н.Аманғазы, Р.Мухамбетжан, Н.Аяганова т.б.шақырылып, кеш қонақтары оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, студенттік сәттердің қызығы мен қиыншылығы туралы айтып, ойындар ойнап, тапсырмалар орындады.

1-11 ақпан аралығында «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі он күндік өткізіліп, он күндік аясында 5-8 сыныптар арасында «Сүйіспеншілік әлемінде» тақырыбындағы сахналық қойылымдар топтамасы өтті. Сонымен қатар 4«ә»-сыныбында «Ғажайып бестік» тақырыбында сайыс өткізілді. Бұл сайыстың мақсаты: окушылардың жалпы адамзаттық бес құндылық туралы білімдерін пысықтау және осы құндылықтарды өмірде қолдана білуге тәрбиелеу, окушылардың танымдық жане шығармашылық қабілеттерін арттыру. Он күндік барысында өзін-өзі тану пәні мұғалімі Л.Абенова 10 «а» сыныбына «Мен сенің өміріннің жалғасымын» атты шығармашылық сабақтарын өткізді. 1-4 сыныптар арасында «Менің отбасымныңтарихы» атты презентациялар байқауы өткізіліп, натижесі шығарылды.

11-сынып оқушыларына «Мамандық таңдау-маңызды қадам» тақырыбында мамандық таңдау кеші өтті. Кешке әр түрлі мамандық иелері қонаққа шақырылып, өз мамандықтарының қызығы мен қиыншылығы туралы сөз қозғап, оқушыларға бағыт-бағдар берді.

«Менің әлемім сұлулық пен мейірімділік әлемі» тақырыбында өзін-өзі тану мұғалімдері 8 класқа жеке кәсіпкер Г.Бозшинамен кездесу ұйымдастырды. Интернет-бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлер мен ұялы сым тетіктерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор желі. Оның пайдасы мен қатар зиянды тұстары да бар. «Қауіпсіз интернет» шарасы аясында 11-свіньп оқушылары ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы пікірталас тастап, өз ойларын постер қорғау арқылы дәлелдеуге тырысты. Интернет қауіпсіздікті камтамасыз ету жайында пікірлерін ортага салды.

**2022-2023 оқу жылы VI. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты** бойынша әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық

қасиеттерін және дарындылығын, ақпараттық өзара іс-қимылдағы этикалық нормалар мен құндылықты ұстанымдарын, ақпаратпен жұмыс істеудің функционалдық дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру, жаңа, жеке-маңызды білім алу негізінде білім беру процесінде балалар мен жастардың жеке ұстанымын жандандыру.XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Ел өмірінің барлық салаларында компьютерлендіру процесі аяқталып, алдымызда келешек жас ұрпаққа компьютердің қыр-сырын терең меңгертіп, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсаты тұр. Ел болашағы – білімді ұрпақта. Технологияның күн сайын үздіксіз дамып, өзгеріп, жаңарып жатқан ақпарат заманында өмір сүру – күрделі дайындықты талап етеді. Осындай ақпараттық кеңістікке баланы дайындау бүгінгі күні заман талабына айналып отыр. Оқушыларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау,зияткерлік тәрбие беру үшін оларды ойша ойлауға, талдау жасай білуге,коммуникативтік дағдыларындамытуға, ақпараттық сауаттылық пен зияткерлік мәдениеттілікке тәрбиелеу қажет, олардың әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін, зияткерлік мәдениетін қалыптастыру және олардың өзін-өзі жетілдіре отырып, қызмет субъектісі деңгейіне көтеруін қамтамасы зету керек. Зияткерлік тәрбие мен ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылықты орната отырып 1-11 сыныптарда жоспар бойынша тәрбие шаралары сынып сағаттары өтуде. Әрбірт ұлғаның зияткерлік мүмкіндігін,көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өз ібасқару» күнін өткізіп, мектеп президенті етіп 10 «А» сынып оқушысы Аутай Нұрислам сайланды. Оқушылардың өзін –өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологы үнемі жұмыстар жүргізді. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімдітану-өзгенітану» атты тақырыпта тәрбие сағаты, «Кітап-ақылшың ,әрі досың», «Ана тілінқ ұрметтейік», Кім білгір, кім алғыр? 5-11 сыныптарда «Ойлы болсаң, озып көр» , «Білім биржасы» зияткерлік ойындары, «Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі - кітапхана» дөңгелек үстел, «Ғаламторсыз өмір мүмкінбе?» 9-11 .сыныптарарасында « Ақпараттық мәдениет негіздері» тақырыбындатәрбиесағаттары өтті.Пікірталас,жаңа-жылдық мерекесі өтті. 9-10 сыныптың оқушылары Жайдарман аудандық сайысына қатысып келді.

«Мамандықтың бәрі жақсы...» 9-сыныпта әңгіме сағаты, «Кәсіп түбінәсіп» 11-сыныпта пікірлесу сағаты, «Меніңата-анамның мамандығы» тақырыбында бастауыш сыныптар мен танымдық сағаты өтті. «Кім болам?» тақырыбы аясында 9 – 11 сынып оқушыларына институт, колледж мамандарымен кездесу сағаттары ұйымдастырылып отырады . Нәтижесінд еоқушылар қазіргі заман талабындағы кәсіби мамандықтар туралы білімдерін кеңейтті, жаңа мамандықтар туралы танысады.

Оқушылардың жасерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар болып тұрады. Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған. Әрбір оқушының зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру мақсатында мектеп оқушыларына Киберқауіпсіздік,кибергигиена,киберкөпмәдениет бойынша тәрбие сағаттары болды. Тәрбие орынбасары Р.Кусегенова Қазбек бидің туғанына -355 жыл толуына орай «Тура биде туған жоқ» тақырыбында 5-9 сынып оқушылары арасында танымдық сағат

ұйымдастырылды.
Оқушылардың күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейте түсу, күзді басқа жыл мезгілдерімен салыстыра отырып, айырмашылығын ажырата білу, Оқушыларға күзгі табиғаттағы ерекшеліктері туралы түсінік беру. Күз байлықтары:астық, көкөніс, жеміс-жидектер туралы білімдерін кеңейту. Алтын күздің адамға берер пайдасын түсіндіру және табиғатты сүюге тәрбиелеу мақсатында 5-8 сыныптар ,9 -11 сыныптар арасында «Алтын күз» байқауы өтті. Бастауыш сыныптар арасында жемістерден мүсіндер жасау байқауы өтті. «Алтын күз» байқауында І – орынды 5 «Ә» сынып, ІІ – орынды 6 «А» сынып, ІІІ – орынды 7 «Ә» сынып. «Алтын күз» байқауында І – орынды 9«Б» сынып, ІІ – орынды 10 «А», ІІІ – орынды 10 «Б» сыныптар алды. Instaqram желісіне салынды. «Тәуелсіз елдің көшбасшысы болуға ұмтыламыз» атты тренингін мектеп психологымен бірлесіп, 9-10 сыныптармен өткізілді. оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту, көшбасшының ерекшелігі мен жауапкершілігін, оның этикалық нормаларды сақтауын қалыптастыру. Барлық сыныптар белсенді қатысты. Мектебімізде бойында түрлі ерекше қасиеттерімен ерекшеленетін оқушыларды анықтау, олардың үлгі боларлықтай қасиеттерін дәріптеу мақсатында "Жас Ұлан" ұйымы мен педагог-ұйымдастырушы мектепішілік "Ең үздік - оқушы" сайысын таныстырылым арқылы өткізді. Сынып оқушылар өте белсенді қатысты. «Зияткер» дебат клубының ұйымдастыруымен «Осы заманғы жастар түсінігіндегі құндылықтар» тақырыбында мектепішілік пікірсайыс өтті.

**VII.2020-2021 «Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие».**

Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие бойынша:

30.09.2020ж. Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» атты мерекелік кеш өтті.

4.10.2020жыл күні мектебімізде «Өнерлі ұстаз-2022» бауқауы болып өтті. Байқауға мектебіміздің 7 мұғалімдері 3 кезең бойынша сайысты.

Байқаудың мақсаты: ұстаздың тарихи танымдығын, педагогикалық - психологиялық сауаттылығын, шығармашылық талантын анықтау, жаңартылған білімдегі тәжрибесімен өзара бөлісу; ән шығармашылығын зерделеу және насихаттау арқылы олардың өнерге деген қызығушылығын арттыру.

Мектепішілік іріктеу кезеңі 3 шарт бойынша өтілді.

1. Өзін-өзі таныстыру.
2. «Мен қазіргі заман педагогымын»
3. Өнер кезеңі.

4 қазан "Дублер" күнін өткізді. "Дублер" күнінде оқушыларымыз барлық жауапкершілікті өз мойындарына алып, ұстаздық жолдың қыр сырымен танысты. Бір күнге мұғалім рөлін сомдаған фракция мүшелері іс—шараға белсенді кірісіп кетті. Әр пәнге бөлінген дублершылар белсенді түрде сабақтарын өткізіп, өздерін нағыз ұстаз етіп көрсетті. Әрбір дублерша іс шара соңында алған әсерлерімен бөлісті.

«Алтын күз» тақырыбына орай 5-6-7-сыныптар және 8-9-10-сынып қыздары арасында мектеп ұйымдастырушы педагог аға тәлімгер ұйымдастыруымен мектепішілік «Күз аруы - 2020» атты күзгі балл болып өтті. Сайыс 5кезең бойынша өтті. Таныстыру, өз өнері, қас-қағым сәт, күзгі аспазшы және күзгі ханзада мен ханшайым. Кезеңнің барлығына қыздарымыз қызығушылық танытып, өте жоғары деңгейде ат салысты.14.11.2022ж «Алтын күз» апталығы болып өтті. Апталыққа Мад және 1-сыныптар күзгі дәнді дақылдар мен күзгі жапырақтардан апликация,«Күз бейнесі» тақырыбында 2-3-4-сыныптар суреттер көрмесін дайындады.

15.02.2021 жыл күні мектебімізде жоғары сынып оқушыларымен Ауған соғысы ардагерімен кездесу болып, кездесуде оқушылар өздерінің қызықтырған сұрақтарына жауаптар алды. 5«а»,«ә»,«б» сынып оқушыларының орындауларында кеңес әскерінің Ауғаныстаннан шығарылғанына 32 жыл толуына байланысты «Ауғаныстанның отты жылдары» атты ардагерлерге арналған іс-шара болып өтті. Шара аясында ауыл тұрғыны, Ардагер игі іс-шараны ұйымдастырған мектеп ұжымына алғысын білдірді.

**VII.2021-2022 «Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие».** «Бұрын болды-қазір өзгерді» тақырыбымен Еңбек күніне орай ауылымыздың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері жайлы 10 «а»-сынып оқушылары бейнеролик дайындап, әлеуметтік желілер де жарияланды.

«Мен еліммен мақтанамын» тақырыбындағы аудандық сурет байқауында 1 «а»-сынып оқушысы 1 орынмен 9 ә сынып оқушылары Қабас Інкар, Қабас Інжу II орынмен марапатталды. Мектебімізде 4-8 қазан аралығында Халықаралық қыздар күніне орай « Қыз болашағы-ел болашағы» тақырыбында апталық ұйымдастырылып, «Сымбат» қыздар қоғамдық кеңесінің оырысы болып, апталық іс шаралар жоспары жасақталды. Рухани-жаңғыру « бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы «Дәстүр мен ғұып» жобасын іске сыру бағытында ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты: қоғамдағы қыз баланың ерекше орнын атап өту, қыздар арасында кездесетін мәселелерін шешу жолдарын, олардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту маңыздылығы туралы ескерту, аналарымыздың өнегелі өмір жолын баяндау арқылы ұлттық тәрбиені бойларына сіңіру, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт- дәстүрлерін қадірлеу, отансүйгіштік сезімдерге баулу. Іс-шара негізінде 8-11 сынып қыз балаларымен «Болашаққа қамқорлық тақырыбымен психологиялық тренинг өткізілсе, 8 сынып қыз балалар арасында «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, Қыз тәрбиелей отырып, ұл тәрбиелейміз» атты сынып сағаты өткізілді. Сонымен бірге апталық аясында 9-11 сынып қыз балалары мен сынып жетекшілерінің қатысуымен волейболдан жарыс өткізілді. 8-11 сынып қыздар арасында мектеп медбикесі «Қыз тәрбиесі-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында шара өткізіп, шарада қыздар гигинасы , ерте жастан жүктіліктің алдын алу, денсаулығы мәселесі туралы түсінік беріп, қыз балдардың сауалдарына жауап берді. Шараға қатысқан ұстаздар мен оқушыларда өз ойларын ортаға салды. Апталық барысында 9 сыныптарда «Заманауи қыздың бейнесі» атты дөңгелек үстел өтіп, өткізілген шарада заманауи қыздың қазіргі келбеті, жағымды тұстары туралы сөз қозғалды. Сонымен бірге апталық барысында ,рухани жаңғыру аясында «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты бойынша 9-11 сынып арасында «Сырғалым-сырласым» қыздар клубының ұйымдастыруымен женгесі мен қайынсіңілісі арасында байқау өткізілді. Апталық қорытындысы 8-11 сынып қыз балалары арасында « Қыз анадан үйренбей, өнеге алмас» тақырыбында аналармен сырласу кеші болып өтті. Сырласу көп балалы жас ана , тігін саласының шебері көп балалы жас ана, қыздардың сәні мен сымбатын келістірген жеке кәсіпкер Бижанова Камшат шақырылып, сырласу кешіне қыз тәрбиесі, тәртібі жайлы сөз қозғалып, сұрақтарға жауап берді. Кеш соңында қыздар белдемше тігу, көз бояудың техникаларымен танысып, шеберлік сағаты өтті. «Жас ұлан» жасөспірімдер ұйымы мен мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Күз ханзадасы мен ханшайымы-2021» тақырыбымен сайыс өткізілді. Сайысқа қатынасушылар ортаға өз өнерлерін салып, білімдермен сынға түсті. Сайыс натижесінде 6 «ә»-сынып оқушылары Хамитова Жанэл мен Рамазан Жанасыл жеңімпаз танылып, мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.

КР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 9-10 сыныптар арасында жайдарман ойыны өтті. Шарада оқушылар қабілеттерімен, әзілдерімен көрерменің көңілін көтере білді. Ойын нәтижесінде 9«а»- сыныбының «Мағжандықтар» командасы І орынды иеленсе , 10-сынып оқушысы Әлімжанов Алтынбек «Үздік ойыншы» номинациясын иеленді. Апталық қорытындысына «Жасұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Жас Ұлан алаңы» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында дебат ойыны өткізілді. 5 «а»-сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Р.Кусегенова өшпес туындылар мен жүрек тебірентер өлең жолдарын қалдырған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған бейнебаян дайындап, әлеуметтік желіге жариялаcа, 5-10 сыныптар арасында мектеп кітапханасында. «Хан тәңірінің

мұзбалағы» атты поэзия кеші өтті. Кешке поэзияға жаны жақын, өлеңге құштар оқушыларымыз қатынасып, ақынның сыршыл өлеңдерін оқыды.

